1159.	Ыбрахым Б. Х.	Қазақстанның ұлттық компанияларындағы операциялық тиімділікті басқарудың өзекті мәселелері (мұнай-газ саласындағы компаниялар негізінде)	4974

**Подсекция 7.6 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ТУРИЗМ: ЭКОЛОГИЯ,  
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ТЕПЕ-ТЕҢДІГІ**

**УСТОЙЧИВЫЙ ТУРИЗМ В КАЗАХСТАНЕ: БАЛАНС ЭКОЛОГИИ,  
ЭКОНОМИКИ И КУЛЬТУРЫ**

**SUSTAINABLE TOURISM IN KAZAKHSTAN: BALANCING  
ECOLOGY, ECONOMY AND CULTURE**

1160.	Абдуллаева Жасмин Сайдуллақызы	Мейрамхана бизнесінде сандық технологиялардың қолданылуы	4977
1161.	Абдрахманов Айдар Серикович, Еремін Владислав Андреевич, Аюпова София Дулатовна	Современные тенденции цифрового маркетинга в гостиничной отрасли Казахстана	4980
1162.	Адебиет Анель Ерғазықызы	Туризмнің жергілікті қауымдастықтың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері	4985
1163.	Амержан Сабира Умурғалиқызы	Гастрономический туризм: влияние на ресторанный бизнес	4990
1164.	Балахметова Адия Болатқызы	Роль ТОО «Казахстанская атомная энергетическая станция» в содействии решения проблемы энергодефицита Республики Казахстан	4992
1165.	Бекмұхамбетова Іңкәр Маратқызы	Мейрамханалардағы тағам сапасын бақылау жүйелері	4995

1166.	Ғиззат Алтынай Ақанқызы	Культурное наследие как ресурс развития туристской индустрии Республики Казахстан	4999
1167.	Дәурен Айзат	Этно-қонақ үйлер – заманауи туризм мен дәстүрлі мәдениетті ұштастыру құралы ретінде	5003
1168.	Есмахай Фариза	Ежелгі Жібек жолы бойындағы мәдени-туристік маршруттарды дамыту	5009
1169.	Жөкен Баян Асанқызы	Қазақстандағы туризмнің Covid-19 пандемиясынан кейінгі жағдайы мен өзгерісі	5014
1170.	Жубан Әділжан Қуатұлы	Алматы тау кластері туристік индустрияны дамытудың драйвері	5022
1171.	Исабекова Жұлдызай Бекжанқызы	Туризмдегі кеңейтілген және виртуалды шындық технологияларының әлеуеті	5025
1172.	Исмагулов Армат Азаматұлы	Қонақ үй индустриясында 3D визуализацияны қолдану мүмкіндіктері	5028
1173.	Исмоилова Саломат Құрбонбековна, Михлибаев Сеитжан Маратович	Роль ЮНЕСКО в сохранении культурного наследия Таджикистана и Казахстана	5032
1174.	Калихан Айзере Алтайқызы	Экологические последствия строительства нового аэропорта в Катон-Карагай	5037
1175.	Көпей Адель	Катонқарағай ұлттық саябағында жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы қалдықтарды тазалау мүмкіндіктері: инновациялық тәсілдер және экологиялық тұрақтылық	5042
1176.	Кубайдоллинова Айнара	Туризмдегі мобильді технологиялар: болашағы мен мүмкіндіктері	5047
1177.	Муратбекова Диназ Муратбекқызы	Қазақстандағы тұрақты даму контекстіндегі киелі туризм	5052
1178.	Мухамбетқалиева Жансая Әбдіғабитқызы	Қазақстанның гастрономиялық мұрасы: туризмді дамытудағы рөлі	5056
1179.	Мұрат Аружан Әділханқызы	Роль этно-аулов в развитии внутреннего туризма в Казахстане	5064
1180.	Саурикова Жансая Қанатқызы, Мұсабек Ақерке	Қазақстандағы экотуризм: табиғатты аялау мен экономикалық даму арасындағы тепе-теңдік	5067
1181.	Нұрмағанбетқызы Нұрдана	Түркістан аймағында тұрақты туризмді қалыптастырудағы емдік туризмнің рөлі: Сарыағаш курорттық аймағы мысалында	5070
1182.	Омарова Кенжегуль Акмышевна	Состояние инфраструктуры в санаторно-курортных зонах Республики Казахстан	5074
1183.	Тоғайбаева Алина, Рамазан Рамина	Устойчивый туризм в Казахстане: баланс экологии, экономики и культуры на примере зоны отдыха - Алаколь	5079
1184.	Рустемова Сабира Муратовна, Абеуханова Еркежан Бахытбековна	Семей қаласының туристік әлеуеті	5083
1185.	Сайдханова Арайлым	Қазақстандағы емдік сауықтыру туризмінің жағдайы мен даму болашағы	5087
1186.	Сайын Мадина Саматқызы	Лоукост әуе тасымалының Қазақстандағы туризм саласына ықпалы	5091

1187.	Таран Ерлесқызы	Нұрлы	Экотуризмнің Қазақстандағы рөлі	5095
1188.	Тулегенова Мейрамбекқызы	Лиана	Қонақ үй бизнесін басқаруда жасанды интеллекттің маңызы	5099
1189.	Утеубаев Назымбекович	Нурлыбек	Организационно-управленческие модели строительства школ за рубежом: уроки для Казахстана	5104
1190.	Фатай Қайсарқызы	Нұрлы	Қазақстанда жастар арасындағы білім беру туризмінің дамуы: мәселелері мен болашағы	5108
1191.	Хусаинов	Д.А.	Инфраструктура глэмпингов в Щучинско-Боровской курортной зоне	5111
1192.	Шералы Өміржанқызы	Ақерке	Археологиялық туризм тарихи-мәдени мұраны таныстырудың инновациялық нысаны ретінде (Тараз қаласы мысалында)	5118
1193.	Altynay Kairatkyzy	Adilkhan	Cloud technologies as a way to automate the hotel industry	5121
1194.	Aza Yevloyeva		To the issue of tourist experience and co-creation process in tourism	5128
1195.	Khamidullin Manapovich	Nurseil	Mechanism of increasing investment attractiveness in tourism: The example of Mangistau region	5130
1196.	Kopbossyn Erlankyzy	Ayana	Prospects for the development of ecotourism in Kazakhstan	5135
1197.	Kuanysh B.B.		Big data technologies in hotel business	5138
1198.	Makhanova Maratovna	Aizhan	Sustainable development of tourism in Kazakhstan: a vision for future	5143
1199.	Mikhlidayev Seitzhan Maratovich, Ismoilova Salomat Qurbonbekovna		The role of digital technologies in improving tourist services in Kazakhstan	5146
1200.	Saginbayeva M.A.		Digital transformation in hotel business in the republic of Kazakhstan	5149
1201.	Seyitjan Rauanqyzy	Nurayim	AI in the hospitality industry	5154
1202.	Shaimukhamet Beketkyzy, Bagitzhanova Kamila Askhatkyzy	Merey	Role of social media in the hospitality industry	5158
1203.	Kaziyeva Zhanatkyzy	Dilnaz	E-commerce adoption in the restaurant sector of the Republic of Kazakhstan: present challenges and future prospects	5162
1204.	Rakhymkhanova Aidana		Study of blockchain technology and its application in restaurant business	5165
1205.	Tursungali A.A.		The influencing role of social media in the consumer's hotel decision-making process	5170
1206.	Yemutbayeva Serikovna, Kochkarova Erkinqyzy	Gulnur Raikhona	The role of accessible tourism	5174
1207.	Zhanabay.A.A		Forming inclusive tourism in Kazakhstan's	5179

			restaurant and hotel business	
1208.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	The impact of climate change on development of sustainable tourism in South Kazakhstan	5183
1209.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	Sustainable tourism policies: comparative study between Kazakhstan and Scandinavian countries	5188

**СЕКЦИЯ 8 ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ/  
ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ**

**Подсекция 8.1 Қазақстан тарихының өзекті мәселелері: жаңа көзқарастар мен келешегі/ 8.1 Актуальные проблемы истории Казахстана: новые подходы и перспективы**

1210.	Аубакирова Д. К.		Архивные свидетельства реакции казахских аулов на политику коллективизации	5195
1211.	Асан М. Н.		XX ғасырдың 20-79 жж. аралығындағы КСРО мен Ауғаныстан қарым-қатынасы: тарихи талдау	5198
1212.	Айтмырзаева Ф. Б.		Тараз қаласының орта ғасырдағы дамуы және архитектуралық ескерткіштер	5201
1213.	Әжеп Ә. Е.		1960-1970 жылдардағы Қазақстан жастарының саяси белсенділігі мен «Жас тұлпар» қозғалысының рөлі	5205
1214.	Бекишев Т. Б.		Цифровизация и историческая урбанистика Казахстана: новые вызовы исследования прошлого	5209
1215.	Балчих А. Ө.		Ағартушылық идеялары үндес тұлғалар	5212
1216.	Бижанов А. С., Маманов Р. Ш.		ҚР мемлекеттік туының қалыптасу тарихы	5216
1217.	Бейсембекова Г. Ж.		«Моңғолдың құпия шежіресі» - жазба тарихи мұра	5220
1218.	Гиззатова А. А.		XIX-XX ғасырдың бірінші жартысындағы Орал қаласының этнодемографиялық даму ерекшеліктері	5225
1219.	Дюсен Ж. М.		Отношение казахов Степного генерал-губернаторства к восстанию 1916 года	5231
1220.	Ескендір Д. К.		Қазақ антропологиясының негізін қалаушы Оразақ Смақұлов	5233
1221.	Жанғалиев У. Қ.		XVIII – XIX ғасырларда қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдарына сипаттама	5236
1222.	Жұмабек Қ. М.		Историографический аспект изучения школьных учебников как инструмента идеологического воспитания	5240
1223.	Жусупова А. Н.		Желтоқсан оқиғасының өңірлерге таралуы: негізгі аймақтар	5245
1224.	Ибраева Г. Б.		С.Сейфуллин: ұлттық білімді дамыту, оқулық жасау жолындағы еңбектері	5249

6. Artificial Intelligence Market Size, Share & Industry Analysis & Regional Forecast, 2025 – 2032

[Электрондық ресурс]:  
<https://www.fortunebusinessinsights.com/industry-reports/artificial-intelligence-market-100114>

7. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңы.[Электрондық ресурс]:  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000094>

ӘОЖ 378.004.853

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ

**Серік Шынар Қажымқанқызы**

[shynar.serk@mail.ru](mailto:shynar.serk@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика» ББ 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - Исаева Б.К.

Соңғы бес жылда Қазақстан Республикасындағы жоғары білім беру жүйесі жедел цифрлық трансформациядан өтті. Әсіресе COVID-19 пандемиясы кезеңінде білім беру үрдісі қашықтан оқыту форматына ауысып, университеттер заманауи цифрлық технологияларды жаппай енгізуге мәжбүр болды.

Қазақстан университеттері білім беру сапасын жақсарту үшін әртүрлі цифрлық шешімдерді қолданады. Ең алдымен, оқытуды басқару жүйелері (LMS) кең таралған. 2021 жылға қарай еліміздегі 100% жоғары оқу орындары қажетті цифрлық инфрақұрылыммен жабдықталған, оның ішінде барлығы дерлік LMS платформаларына қосылған. Жалпы алғанда, 2020–2025 жылдары цифрлық технологияларды енгізу қарқыны өте жоғары болды. Егер 2019 жылға дейін цифрлық оқыту қосымша сипатта болса, пандемиядан соң ол білім берудің ажырамас бөлігіне айналды. Қысқа мерзімде қол жеткізілген 100% цифрландыру деңгейі, Қазақстан жоғары оқу жүйесінің икемділігін көрсетеді (кесте 1). Ендігі басты міндет – осы цифрлық әлеуетті жүйелі дамыту, яғни контенттің сапасын арттыру, оқытушылардың цифрлық құзыретін үнемі жетілдіру және студенттердің білім сапасын жоғары деңгейде ұстап тұру.

Кесте 1. Қазақстанда ЖОО ларында қолданылатын негізгі LMS жүйелерінің үлесі

LMS атауы	Қолданылатын ЖОО саны	Жалпы үлесі
Platonus	60	58,8%
Moodle	25	24,5%
Univer/Canvas/ т.б.	17	16,7%
Барлығы	102	100%

Кестеде көрсетілгендей, Қазақстандық университеттердің шамамен 60-ы отандық Platonus жүйесін, 25-і Moodle платформасын, ал қалған бөлігі Univer, Canvas, Google Classroom сынды басқа жүйелерді пайдаланады. LMS арқылы оқу кестесі, материалдар, бағалау және кері байланыс толықтай цифрлық форматқа өтті.

Бұдан бөлек, онлайн оқыту платформалары кең қолданылды. 2020 жылдан бастап дәрістер Zoom, Microsoft Teams, WebEx және жоғары оқу орындарының жеке әзірлеген жүйелері арқылы өткізіле бастады. Мысалы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мамандары әзірлеген Jinalysroom платформасы арқылы 12 626 пайдаланушы онлайн сабақтарға қатысқан. Сондай-ақ, көптеген университеттер Google Classroom, Microsoft Teams сияқты құралдарды оқу үрдісіне енгізді. Цифрлық платформалар студенттер мен оқытушылардың

тәулік бойы өзара әрекеттесуіне, тапсырмаларды онлайн тапсыруына және оқу материалдарына қашықтан қол жеткізуіне мүмкіндік берді.[1]

Жасанды интеллект (AI) элементтері де біртіндеп білім беру жүйесіне еніп келеді. Әзірге Қазақстан ЖОО-ларында AI негізінен онлайн емтихандарды прокторинг жасау мен плагиаттың алдын алу жүйелерінде қолданылуда. Мысалы, көп университеттер емтихан кезінде студентті қадағалайтын Safe Exam Browser (SEB) сияқты прокторинг жүйелерін Platonus немесе Moodle платформаларына біріктіріп қолдануда. 2023 жылғы дерек бойынша Қазақстандағы 102 университеттің 100-інде прокторинг жүйелері орнатылған, олар арасында OES, Aero, Examus, Verigram (бет-бейнені тануға негізделген жергілікті AI) сияқты функциялар бар. Осы үдерістің динамикасын төмендегі графиктен көруге болады (сурет 1).



Сурет 1. Прокторинг жүйесін қолданатын ЖОО саны, 2020-2023 жж.

2020 жылы небәрі 28 ЖОО прокторинг жүйесін қолданса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 100-ге жеткен. Сол сияқты, барлық ЖОО академиялық адалдықты бақылау үшін антиплагиат жүйелерін пайдаланатыны хабарланған (негізінен StrikePlagiarism – 50 ЖОО, Turnitin – 41 ЖОО).

Виртуалды зертханалар мен цифрлық ресурстар қашықтан білім беру кезеңінде ерекше рөл атқарды. Жаратылыстану және техника бағытындағы пәндер бойынша зертханалық жұмыстарды онлайн өткізу үшін 2020-2021 жылдары шұғыл шаралар қабылданып, Қазақстанда 7000-нан астам виртуалды зертханалық жаттығулар пакеті жасақталды. 2023 жылға қарай университеттерде тұрақты пайдаланыста 146 виртуалды зертхана және 343 электронды кітапхана жобасы іске қосылған. Университеттердің цифрлық білім беру ресурстары қоры қарқынды өсуде: қазірдің өзінде 122 мыңнан астам бейне-дәрістер және 6,8 миллион электронды оқулықтар мен оқу материалдары жинақталып, студенттердің игілігіне ұсынылған. Бұл ресурстар дәстүрлі сабақтарды толықтырып, қашықтан оқыту сапасын арттыруға септігін тигізуде.[2]

Кесте 2. 2020-2023 жж. аралығындағы цифрлық трансформация динамикасы

Көрсеткіш	2020 жыл	2021жыл	2022 жыл	2023 жыл
LMS жүйесі бар ЖОО саны	95	100	102	102
Прокторинг енгізілген ЖОО саны	28	68	91	100
Виртуалды зертханалар саны	60	95	122	146
Онлайн курстар саны ( MOOC )	120	315	780	1100+
Электрондық кітапхана саны	180	240	290	343

Сонымен қатар, цифрлық технологиялар білім басқару мен әкімшілік үдерістерге де енгізілді. Университеттердің 83%-ында электронды құжат айналымы жүйелері іске қосылып, деканат, тіркеу кеңсесі секілді қызметтер онлайн форматқа ауысты. Көптеген оқу орындары цифрлық кітапханаларға қолжетімділік ұсынып, кітап қоры мен ғылыми

мәліметтер базасын онлайн режимде пайдалануға мүмкіндік беріп отыр. Оқытуда геймификация элементтері де көрініс табады: Kahoot, Mentimeter, Socrative сияқты оқытуға ойын тәсілдерін енгізетін қосымшаларды Қазақстан ЖОО-ның 51%-ы оқу процесінде қолданады. Мұның барлығы білім алушылардың қызығушылығын арттырып, цифрлық ортада оқуды ыңғайлы әрі интерактивті етуге бағытталған.

2020 жыл Қазақстан жоғары мектебіндегі цифрландырудың бетбұрыс жылы болды. Пандемияға дейін бірқатар университеттерде қашықтан оқыту элементтері болғанымен (2009 ж. 28 ЖОО, 2012 ж. шамамен 50 ЖОО қашықтан білім беру технологияларын қолданған), цифрлық оқыту кеңістігі жүйелі дамымаған еді. 2017 жылы қабылданған «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы білім беруді жаңғыртуға негіз қалады, алайда нақты серпіліс тек пандемия әсерімен орын алды. 2020 жылдың көктемінен бастап барлық дерлік ЖОО жедел түрде онлайн оқытуға көшіп, қысқа мерзімде оқытушылар мен студенттер цифрлық платформаларды меңгерді. Нәтижесінде 2019-2021 жылдары еліміздің бүкіл оқу үдерісі қашықтықтан форматта қамтамасыз етіліп, осы кезеңде университеттердің цифрлық қамтылу деңгейі 100%-ға жетті. Бұл мемлекеттік деңгейде оқытушылардың цифрлық сауатын арттыру жұмыстарының ұлғаюымен қатар жүрді – жалпы білім беру жүйесінде 350 мыңнан астам мұғалім «кибер-педагогика» бойынша IT біліктілігін көтеру курстарынан өтті.

2021 жылы қашықтан оқыту тәжірибесі жүйеленіп, ЖОО-лар аралас (гибридті) оқыту модельдерін енгізе бастады. Дегенмен, елімізде қашықтықтан білім беру формасы нормативті тұрғыда бекітіліп, белгілі мамандықтарды онлайн форматта оқытуға мүмкіндік берілді. Мысалы, 2021–2022 оқу жылында қашықтықтан білім беруді тұрақты негізде жалғастырған бағдарламалар пайда болды. 2022–2023 оқу жылының өзінде ресми қашықтықтан оқытатын контингент 11 676 студентті (бакалавриат бойынша 372 білім беру бағдарламасы) және 83 магистрантты қамтыды. Яғни пандемия аяқталғаннан кейін де кейбір ЖОО-ларда онлайн бағдарламалар сақталып, студенттер денсаулық жағдайы немесе басқа себептермен қашықтан оқуды жалғастыруда. 2022 жылдың соңына қарай қашықтықтан оқытылатын пәндер саны бір семестрде 2 587-ге жетті.[4]

2022–2025 жылдары Қазақстан университеттері цифрлық инфрақұрылымды одан әрі нығайтуға көшті. 2022 жылы университеттердің барлығы дерлік өздерінде цифрлық платформа бар екенін растады. LMS платформаларын қолдану сапасы арттырылып, серверлік қуат күшейтілді. Виртуалды зертханалар мен электронды ресурстар базасы жыл сайын жаңарып, толықтырылуда. Цифрлық трансформацияның келесі кезеңі ретінде Білім министрлігі білім беру үрдісіне жасанды интеллектіні кіріктіру жолдарын зерттей бастады. 2023 жылы жоғары оқу орындарында MOOC (Massive Open Online Courses – жаппай ашық онлайн курстар) дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Жаппай ашық онлайн курстар (ЖАОК) саны өсіп, 35 университет өз платформаларында немесе жаһандық алаңдарда MOOC ұсына бастады. Ұлттық OpenU, Moocs.kz сияқты платформалар арқылы онлайн курстар қазақ және орыс тілдерінде қолжетімді бола бастады. Мониторинг мәліметтері бойынша, Қазақстан ЖОО әзірлеген MOOCs контентінің 50%-ы Moodle базасында, 29%-ы Moocs.kz порталында, 5%-ы OpenU платформасында орналастырылған. Сондай-ақ кейбір жетекші университеттер Coursera, edX, Stepik тәрізді халықаралық MOOC алаңдарына курстар жүктеп, әлемдік аудиторияға ұсынуда.[5]

Қазақстан соңғы жылдары білім беру инфрақұрылымын жақсартуға қомақты қаражат бөлді. Университет қалашықтары жоғары жылдамдықты интернет желісімен жабдықталуда, серверлік орталықтар жаңартылып, деректер бұлтты (cloud) технологиялары енгізілуде. Алайда, еліміздің географиялық ауқымы кең болғандықтан, өңірлер арасындағы интернет жылдамдығында айырмашылық бар. Қаладағы ірі университеттерде ғаламтор қолжетімділігі жоғары деңгейде болғанымен, ауыл-аймақтан қосылатын студенттер кейде қиындық көрді. Салыстыру үшін, Оңтүстік Корея әлемдегі ең жылдам интернет желісіне ие елдердің бірі – 2021 жылы ол бойынша орташа жылдамдық 200 Мбит/с шамасында болды, әрі ел халқының 95%-ы кең жолақты интернетпен қамтылған. АҚШ-та да университет

кампустары қуатты Wi-Fi желілерімен толық жабдықталған, бірақ студенттердің үй жағдайында қосылуында кейбір теңсіздіктер байқалды. Дегенмен, жалпы алғанда үш елде де 2020 жылы инфрақұрылым білім беруді тоқтатпастан онлайн жалғастыруға мүмкіндік берді. Қазақстан үкіметінің деректеріне сәйкес, 2020 жылы еліміз е-қатысу индексі бойынша БҰҰ рейтингінде 193 елдің ішінде 29-орынға көтерілген – бұл цифрлық қызметтер мен инфрақұрылымның дамуындағы ілгерілеуді білдіреді.[6]

Пандемия басталған кезде Қазақстанда көптеген оқытушылар үшін толық онлайн оқыту жаңа тәжірибе болды. Алғашқы кезеңде кейбір педагогтерге техникалық дағдыларын жедел жетілдіруге тура келді. Мемлекеттік деңгейде ұйымдастырылған қысқа мерзімді курстар, вебинарлар осы мақсатта көп көмектесті. Нәтижесінде қысқа уақытта профессорлық-оқытушылық құрам жаңа құралдарды игеріп шықты – 2020 жылдың тек бірінші жартысында 6 452 оқытушы қашықтан білім беру процесіне тартылды. Дегенмен, оқытушылардың цифрлық құзыреті әлі де әртүрлі деңгейде: жас мамандар технологияларды тез меңгерсе, аға буынның кейбір өкілдері қосымша көмекті қажет етті. АҚШ пен Кореяда бұл мәселе біршама жеңіл болды, себебі онда оқытушылардың IT-құзыретін дамыту жүйесі бұрыннан жолға қойылған. Мысалы, АҚШ университеттерінде 2010 жылдардан бастап e-learning бойынша педагогикалық семинарлар өткізілсе, Оңтүстік Кореяда әр мұғалімге арналған цифрлық дағдылар курстары үнемі жүргізіледі. Дегенмен, барлық жерде пандемия ұстаздарды жаңаша оқыту әдістерін үйренуге мәжбүрледі. Бұл – жаһандық тренд. Қазақстандағы жоғары оқу орындары қазір әр оқытушының цифрлық сауатын сертификаттау, үздіксіз оқыту жүйесін қалыптастыруға кірісуде.[7]

Цифрлық форматқа көшу студенттердің оқу үдерісіне қатысу сипатын да өзгертті. Қазақстанда бастапқыда кейбір студенттер техникалық қиындықтарға байланысты (интернеті әлсіз, жеке компьютері жоқ) оқу сабақтарына толық қатыса алмауы мүмкін еді. Алайда, уақыт өте бұл мәселелер шешімін тапты: университеттер қажет еткен студенттерге уақытша құрылғылар берді, ұялы операторлар білім ресурстарына тегін трафик ұсынды. Онлайн оқу барысында студенттердің белсенділігі бойынша әртүрлі пікірталас болды. Бір жағынан, Zoom арқылы дәріске қатысып отырған студент сұрақ қоюға қиналуы немесе көңіл бөлуі төмендеуі ықтимал деген сын айтылды (т.н. “Zoom шаршауы” феномені белгілі болды). Екінші жағынан, цифрлық платформалар күнделікті сабаққа қатысу көрсеткішін арттырды, себебі физикалық түрде аудиторияға келе алмайтын студенттер де интернет арқылы қосылуға мүмкіндік алды. Статистика көрсеткендей, 2020 жылы Қазақстандағы ЖОО студенттері сабаққа қатысуы орта есеппен төмендеген жоқ, керісінше үйреншікті онлайн тәртіп қалыптасқаннан кейін тұрақталды.

2020–2025 жылдары Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі бұрын-соңды болмаған цифрлық өзгерістерді бастан өткерді. Бес жыл ішінде оқу үдерісі толықтай жаңғырып, әр университет цифрлық инфрақұрылым құрып, оны қолдануды үйренді. Қазіргі таңда барлық ЖОО-ларда LMS жүйелері жұмыс істейді, мыңдаған онлайн курстар мен ресурстар қолжетімді, цифрлық қызметтер (құжат айналымы, кітапхана, тіркеу) жолға қойылған. Бұл өзгерістер Қазақстан жоғары білімін жаңа деңгейге шығаруға ықпал етті: білім алушылар географиясына қарамай білімге қол жеткізуге мүмкіндік алды, оқу материалдары цифрлық форматта жинақталды, оқу барысын талдау жақсарды.

Дегенмен, цифрлық трансформацияның сапалық жағына баса мән беру қажет. Біріншіден, материалдық-техникалық база мәселесі шешілгенімен, цифрлық білім беру мазмұнын байыту маңызды. Екіншіден, оқытушылардың цифрлық педагогика саласындағы біліктілігін ұдайы көтеру керек – тек құралды меңгеру емес, оны тиімді әдістеме ретінде қолдануды үйрету. Үшіншіден, студенттердің цифрлық ортада өзін-өзі басқару, уақытты ұйымдастыру дағдыларын дамыту қажет, себебі онлайн оқуда дербестік үлкен рөл атқарады. Төртіншіден, қала мен ауыл, түрлі әлеуметтік топтар арасындағы цифрлық теңсіздікті жою білімдегі тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің алғышарты болып қала береді.[8]

Қорыта айтқанда, Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі цифрлық дәуір талабына бейімделу жолында айтарлықтай қадам жасады. Енді жинақталған тәжірибе мен деректерге сүйене отырып, цифрлық технологияларды оқу сапасын жаңа белеске көтерудің құралына айналдыру қажет. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, цифрландыруды тек техникалық жаңарту деп қарамай, оны педагогикалық инновациялармен ұштастырған елдер ғана білімде жоғары нәтижелерге қол жеткізеді. Қазақстан да алдағы жылдары цифрлық шешімдерді адам капиталының дамуына тиімді пайдаланып, жаһандық білім кеңістігінде бәсекеге қабілеттілігін арттыра береді деп сенеміз.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Жоғары оқу орындарының ресми сайттары: Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Satbayev University – LMS және онлайн платформалар туралы ақпарат, 2023
2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі. Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының жылдық аналитикалық есебі. Астана, 2023
3. ҚР Ұлттық статистика бюросы. Қазақстан Республикасындағы жоғары білім беру ұйымдары туралы мәліметтер. 2023. <https://stat.gov.kz>
4. ҚР БҒМ. COVID-19 жағдайында білім беру жүйесінің қашықтан оқытуға көшу тәжірибесі туралы есеп. Астана, 2021.
5. OpenU.kz ресми платформасы. Жаппай ашық онлайн курстар статистикасы, 2023. <https://openu.kz>
6. World Bank Group. Lessons from Korea's Education Response to COVID-19. Washington, DC: The World Bank. 2021.
7. OECD. The Impact of COVID-19 on Education – Insights from Education at a Glance 2020. OECD Publishing. 2020.
8. StrikePlagiarism және Turnitin жүйелерінің ресми мәліметтері (Қазақстан ЖОО-ларында қолданылуы туралы).

УДК 338.43

## **ОСНОВНЫЕ ПРОБЛЕМЫ И НАПРАВЛЕНИЯ УСТОЙЧИВОГО ПРОДОВОЛЬСТВЕННОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ АПК**

**Тельманова Айназик Бакытбековна**

[telmanova26ainaz@gmail.com](mailto:telmanova26ainaz@gmail.com)

студентка 3 курса ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Нурсултан, Казахстан

Научный руководитель - м.э.н. Рыскулова Ж.О.

Модернизация АПК – ключевое условие обеспечения продовольственной безопасности Казахстана. Она должна быть направлена на повышение конкурентоспособности, технологическое развитие, экологическую устойчивость и адаптацию к глобальным вызовам. Как отметил Президент Касым-Жомарт Токаев, переход к глубокой переработке сельхозпродукции (до 70%) – одна из приоритетных задач, что не только укрепит экономику, но и улучшит качество жизни населения [1].

Для реализации, поставленных приоритетных задач государства существуют современные проблемы устойчивости продовольственного обеспечения в условиях развития АПК Казахстана

Исследование устойчивости продовольственного обеспечения Казахстана в условиях совершенствования агропромышленного комплекса (далее АПК) сталкивается с рядом *ключевых проблем:*

-зависимость от импорта и необходимость модернизации – кризисное состояние АПК требует значительных финансовых вложений, исследований и инвестиций для снижения импортозависимости;